

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТІРЛІГІ

«АВИМЕД» көпсалалы колледжі

«БЕКІТЕМІН»
«АВИМЕД» көпсалалы колледжі
директорының м.а
Э.Т.Тезекбаева
09 2021г.



**«АВИМЕД» КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІНІҢ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ
ЕҢБЕК АҚЫ ТӨЛЕУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ
ЫНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

ШЫМКЕНТ, 2021ж

«АВИМЕД» көпсалалы колледжі		KE-AKK-01-2020
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	
Ішкі тәртіп ережесі		7 беттің 3-беті

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Аталған ереже еңбек қызметін «Авимед» колледжі жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты қолданылады.

1.2. Осы Қағидалардың сыйақысы деп Қазақстан Республикасының заңнамасына, еңбек шарттарына сәйкес жұмыс берушінің қызметкерлерге еңбек міндеттерін орындағаны үшін төлейтін ақша сомасы, оның ішінде еңбек міндеттерін орындауға байланысты қызметкерлерге көтермелеу төлемдері жатады.

2 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

- 2.1 «Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы
- 2.2 Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
- 2.3 ҚР –ның Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ
- 2.4 Колледж Жарғысы.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

СМЖ- Сапа менеджмент жүйесі

4. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Барлық орташа еңбек ақыны анықтау жағдайлары үшін есепті кезеңнен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мереке күндері шегерілетін болады.

4.1.2 Орташа еңбек ақыны есептеу барысында есеп айырысу кезеңінен жұмыс жасалмаған уақыт және Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерге орташа еңбек ақы төленген немесе сақталған кезде осы кезеңде жұмыс істелмеген уақыт үшін есептелген сомалар шегеріледі.

4.1.3 «Авимед» колледжі қызметкерлері лауазымдық міндеттері бойынша келесі топтарға бөлінеді:

- басшы қызметкерлер;
- оқытушылар;
- әкімшілік қызметкерлер;
- шаруашылық қызметкерлері.

4.1.4 «Авимед» колледжі қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу Қазақстан Республикасының еңбек ақы төлеу саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады және жалпы және әкімшілік шығыстарға жатқызылады.

4.1.5 Қор еңбек ақының жалпы мөлшерін жеке жіктейді, қызметкерлердің жалпы санын, олардың кәсіби және біліктілік құрамын анықтайды. «Авимед» колледжі қолданыстағы заңнамаға және шаруашылық қызметінің нәтижелеріне сәйкес қызметкерлерге еңбекақы төлеу және ынталандыру, қосымша төлемдер, үстемесакылар нысандарын, жүйесін белгілейді.

4.1.6 «Авимед» колледжі қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу келесілерді қамтиды:

1) қызметкерлерге лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес өзіне жүктелген лауазымдық міндеттемелерін орындағаны үшін төленетін лауазымдық жалақыдан құралатын негізгі еңбек ақы;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында жұмыстың айрықша режимі және еңбек жағдайларына байланысты қарастырылған өтемақы сипатындағы төлемдер: түнгі

«АВИМЕД» көпсалалы колледжі		<i>КЕ-АКК-01-2020</i>
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	
Ішкі тәртіп ережесі		7 беттің 4-беті

және үстеме уақыттағы жұмысы үшін қосымша ақылар, демалыс күндеріне, уақытша еңбекке жарамсыздық күндеріне ақы төлеу және басқалар.

4.2 Еңбек ақы төлемі

4.2.1 Барлық штаттық қызметкерлердің жалпы еңбек ақысы лауазымдық жалақыдан құралады.

4.2.2 «Авимед» колледжі қызметкерінің лауазымдық жалақысы штаттық кестемен анықталады.

4.2.3 Қосымша еңбек ақы кәсіптерді біріктіру және қосымша міндеттерді орындау үшін, демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс үшін әр түрлі қосымша төлемдерді, үстемеақылар мен өтемақылардан құралады.

4.2.4 Атқарылған жұмыстар үшін ақша нысанындағы еңбек ақы жеке лауазымдық жалақылар бойынша есептеледі.

4.2.5 Негізгі және қосымша жалақыны есептеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

4.2.6 Лауазымдық жалақы-бұл уақыт бірлігінде (сағат, күн, ай) әр түрлі топтар мен санаттағы жұмысшылардың жалақысының ақшалай түрде көрсетілген абсолютті мөлшері.

4.2.7 «Авимед» колледжі жұмысқа қабылдау барысында қызметкерлерге лауазымдық жалақы белгіленеді, сондай-ақ белгілі бір жұмыс учаскесі үшін жеке төлем түрлері қарастырылады.

4.3 Еңбекақы төлеу тәртібі мен мерзімдері

4.3.1 Еңбек ақы ақша нысанында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен айына кемінде бір рет, келесі айдың бірінші онкүндігінен кеш емес мерзімде төленеді. Еңбек ақыны төлеу күні еңбек шарттарында қарастырылады.

4.3.2 Еңбек ақы төленетін күн демалыс немесе мереке күнімен тұспа-тұс келген жағдайда төлем олардың қарсаңында жүргізіледі.

4.4. Лауазымдарды қоса атқару және жұмыста жоқ қызметкерді уақытша алмастыру

4.4.1 «Авимед» колледжі лауазымдық нұсқаулықпен және (немесе) еңбек шартымен негізделген өзінің негізгі жұмысымен қатар басқа лауазым бойынша қосымша жұмысты немесе уақытша жұмыста жоқ қызметкердің міндеттерін негізгі жұмысынан босатпастан атқаратын қызметкерлерге, алмастыратын қызметкер штаттық орынбасары болып табылатын жағдайларды қоспағанда, негізгі жұмысы бойынша қызметкермен келісілген сомада қосымша ақы төленеді.

4.4.2 Қосымша ақының мөлшерін жұмыс беруші қызметкермен келісім бойынша анықтайды.

4.4.3 Лауазымдарды қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймағының кеңейгені) немесе уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақының мөлшерін «Авимед» колледжі қызметкермен нақты жүктемеге пропорционал түрде белгілейді және жұмыста уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындайтын қоса атқаратын лауазым қызметкерінің лауазымдық жалақысының 50 (елу) пайызынан аспауы керек.

4.4.4 Уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақы бұйрық негізінде жүргізіледі.

«АВИМЕД» көпсалалы колледжі		<i>KE-AKK-01-2020</i>
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	
Ішкі тәртіп ережесі		7 беттің 5-беті

4.5. Мереке және демалыс күндердегі еңбек ақы

4.5.1 Мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеу қызметкердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесі негізге алына отырып, бір жарым есе жоғары мөлшерде жүргізіледі.

4.5.2 Мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеу «Авимед» колледжі директорының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

4.5.3 Жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан асатын жұмыстар үстеме жұмыс болып есептеледі.

4.5.4 Үстеме жұмыстарға ақы төлеу үстеме жұмыстың әрбір сағаты үшін сағаттық мөлшерлеменің бір жарым мөлшерінен кем емес мөлшерде, (лауазымдық айлықақысына қарай) «Авимед» колледжі директорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

4.6. Еңбек демалысы

4.6.1 «Авимед» колледжі барлық қызметкерлеріне жұмыс орны (лауазымы) және орташа жалақысы сақталатын, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына кепілдік беріледі.

4.6.2 Жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстары екі түрге бөлінеді - Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда қызметкерлерге берілетін негізгі және қосымша демалыстар.

4.6.3 «Авимед» колледжі қызметкерлеріне тараптардың келісіміне сәйкес жалақысы сақталмайтын демалыстар берілуі мүмкін.

4.6.4 «Авимед» колледжі қызметкерлеріне емтихан тапсыру, дипломдық жобаны (жұмысты) дайындау және қорғау, бітіру емтихандарын тапсыру кезеңіне қосымша ақы төленбейтін оқу демалыстары беріледі.

4.6.5 «Авимед» колледжі әкімшілік қызметкерлеріне еңбек шарттарына сәйкес ұзақтығы 24 (жиырма төрт) күнтізбелік күн жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі, сонымен қатар, колледжде 10 және одан артық жұмыс істеген қызметкерлерге жыл сайынғы демалысқа қосымша 6 күнтізбелік күн беріледі.

4.6.6 «Авимед» колледжі оқытушы персоналына (ПОК) еңбек шарттарына сәйкес ұзақтығы 56 (елу алты) күнтізбелік күнді құрайтын жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы беріледі.

4.6.7 Еңбек шарты тоқтатылған жағдайда жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын (жыл сайынғы еңбек демалыстарын) пайдаланбаған немесе толық пайдаланбаған жұмыскерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының (жыл сайынғы еңбек демалыстарының) пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемі жүргізіледі.

4.6.8 Демалысты беру, ауыстыру, ұзарту не демалыстан қайта шақыртып алу Жұмыс берушінің актісімен ресімделеді.

4.7. «Авимед» колледжі қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру

4.7.1. «Авимед» колледжі қызметкерлеріне келесі жағдайларда және құжаттамалық расталған жағдайда қызметкердің 1 (бір) лауазымдық айлықақысына дейінгі мөлшерде біржолғы материалдық көмек көрсетілуі мүмкін:

1) жақын туыстары (ерлі-зайыптылар, ата-аналар, балалар, аға-інілері, апа-сінділері және т. б.) қайтыс болуы;

2) некеге отыру;

3) бала туу, бала асырап алу;

4) аталған Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын, ереженің №1 қосымшасында қарастырылған сырқат түрлеріне байланысты қызметкердің еңбекке уақытша жарамсыздығы.

«АВИМЕД» көпсалалы колледжі		KE-АКК-01-2020
Сапа менеджмент жүйесі	Ереже	
Ішкі тәртіп ережесі		7 беттің 6-беті

4.7.2 «Авимед» колледжі барлық қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелеріне қызметкерлердің еңбек тиімділігін қосымша ынталандыруға арналған бір реттік сыйлықақылар төленуі мүмкін.

4.7.3 Бір реттік сыйлықақыны төлеу «Авимед» колледжі ағымдағы жылға қарастырылған бюджетінде осы мақсаттарға арналған қаражат есебінен жүзеге асырылады.

4.7.4 Мемлекеттік мерекеге арналған бір реттік сыйлықақыны төлеу республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының басында қолданыста болатын минималды жалақы мөлшерінің 2,5 еселенген мөлшерінен аспауы керек.

4.7.5 Қызметкерлерге соңғы 6 (алты) айда тәртіптік жазасы болған кезде оларға бір реттік сыйлықақылар берілмейді.